

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 935 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1157 Қаулысымен .

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1157 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 1 қ ы р к ү й е к т е г і
N 9 3 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеудің оңайлатылған тәртібін айқындайды.

3. Ереже реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудан түскен табысы жылына үш жүз елу мың айлық есептік көрсеткіштен немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша жылына елу мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын табиғи

монополиялар субъектілеріне (қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерін қоса алғанда) қолданылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Ереже жаңадан құрылған табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту кезінде туындайтын қатынастарға, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тізбесіне жаңадан енгізілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлеріне, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) өзге түрлері бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарлардың, жұмыстардың) жаңа түрлеріне, сондай-ақ, егер табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған қолданыстағы тарифтер объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілсе, жаңа объектілерге және (немесе) учаскелерге қолданылмайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы Ереженің мақсатында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігі - табиғи монополия субъектісінің тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту кезінде ескерілетін тауарларды өндірумен және (немесе) реттеліп көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) көрсетумен байланысты шығындардың жиынтығы. Осы шығындар реттеліп көрсетілетін қызметтің (тауардың, жұмыстың) өзіндік құнынан және кезең шығыстарынан (жалпы және әкімшілік шығыстар, өткізу бойынша шығыстар, сыйақылар төлеу бойынша шығыстар) тұрады;

2) өтінім - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы уәкілетті органға ұсынатын ресми өтініші (арызы);

3) құзыретті орган - мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ал су шаруашылығы (және) немесе кәріз жүйелерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін, сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілері үшін - жергілікті атқарушы органдар ;

4) негізсіз табыс - табиғи монополия субъектісінің уәкілетті орган бекіткен

тарифтік (бағаның, алым ставкасының) деңгейінен немесе оның шекті деңгейінен асатын құн бойынша төлем алу және (немесе) тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатқа сай пайдаланбау, тарифтік сметаның шығын баптарын уәкілетті орган бекіткен мөлшерлерден бес пайыздан астамға орындамау нәтижесінде алынған қосымша табыс;

5) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың түрлерін шектеу - тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту кезінде ескерілмейтін шығындардың тізбесін белгілеу;

6) шығыстардың деңгейін шектеу - белгіленген және (немесе) бекітілген нормалар, нормативтер, стандарттар және лимиттер негізінде тарифте (бағада, алым ставкасында) ескерілетін шығындар деңгейінің шегін белгілеу;

7) табиғи монополия субъектісі - табиғи монополия жағдайында тауарлар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетумен айналысатын және олардың жылдық қаржылық есептілігінде табиғи монополиялар субъектілері ретінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудан түскен табысы жылына үш жүз елу мың айлық есептік көрсеткіштен немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша жылына елу мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын соманы құраған жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

8) Лондон банкаралық рыногының ставкасы - жылдық пайыз ретінде көрсетілетін пайыздарды есептеу кезеңінің бірінші күніне құны бойынша (немесе пайыздарды төлеу күніне құны бойынша пайыздарды есептеудің бастапқы кезеңі жағдайында не пайыздарды есептеудің осындай кезеңі күні, не пайыздық есептеудің бірінші күні алдындағы келесі күні) алты айлық бір валюталық депозиттер бойынша Лондон банкаралық рыногындағы ұсыныс ставкасы.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған тәртіппен мемлекеттік реттеу

6. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған тәртіппен мемлекеттік реттеу:

1) тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту;

2) тарифтік сметаны бекіту;

3) шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін бекіту;

4) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда өзге қызмет бойынша табыстарды,

шығындарды және қолданысқа енгізген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу тәртібін бекіту;

4) есептік саясатты келісу;

5) уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының ережесі қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қатысты қолданылмайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту тәртібі

Параграф 1. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын бекітуге өтінім беру және қабылдау

7. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісіне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуді мынадай жағдайларда:

1) табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша;

2) уәкілетті органның бастамасы бойынша;

3) төтенше реттеуші шара ретінде жүргізеді.

8. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша белгіленген тәртіппен жүргізілетін барлық тұтынушыларға оларды төмендетуді қоспағанда, он екі айда кемінде бір рет жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге өзінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік сметаны және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын олар қолданысқа енгізілгенге дейін алпыс күн бұрын ұсынуға тиіс. Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қайта қаралған жағдайда, табиғи монополия субъектісі бір ай мерзімде жаңа тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту үшін берілген өтінім көлеміндегі экономикалық негізделген есептерді және өзге ақпаратты ұсынуға тиіс.

10. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге берілген өтінімге:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту қажеттілігін ашатын

ж ә н е :

жылдар бөлінісінде тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) соңғы бекіту сәтінен бастап өткен кезең ішіндегі табиғи монополия субъектісінің қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша қызметіне қаржы-шаруашылық талдауды;

соңғы аяқталған қаржы жылы үшін нақты шығындарды негіздейтін материалдарды қоса беріп, осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті;

соңғы аяқталған қаржы жылы үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бекіткен қаржылық есептілік нысанына сәйкес қаржылық есептілікті қамтитын түсіндірме жазба;

2) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасы;

3) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бекіткен, ал қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері үшін техникалық және технологиялық нормаларды, ережелер мен стандарттарды айқындайтын нормативтік кесімдерге сәйкес есептелген және (немесе) қалыптастырылған:

жылдық нормативтік техникалық ысыраптар;

құзыретті органмен келісім бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің шикізаты, материалдары, отыны, энергиясы шығысының жылдық техникалық және технологиялық нормалары;

еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша табиғи монополия субъектісінің персоналы санының нормативтері;

3-1) табиғи монополия субъектісінде елу және одан көп қызметкер болған жағдайда, статистика жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша еңбек жөніндегі есеп;

4) құзыретті орган бекіткен:

негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған, шығындардың жылдық сметасы;

негізгі құралдар құнының өсуіне әкелетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған шығындардың жылдық сметасы;

5) уәкілетті органмен келісілген есептік саясат;

б) материалдық, қаржы ресурстарын, жабдықтар мен қызметтерді сатып алу бағаларын растайтын құжаттарды (болған конкурстар (тендерлер) бойынша - материалдық, қаржы ресурстарын, жабдықтар мен қызметтерді сатып алу жөнінде конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері, өтінімді берген сәтке өткізілмеген конкурстар (тендерлер) бойынша - бағалар деңгейін негіздейтін өзге құжаттар);

7) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау нәтижелері туралы мәліметтер;

8) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып, амортизациялық аударымдар есебі;

9) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарлы көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар, табиғи монополия субъектісінің жалпыға сапалы қызмет көрсету міндетіне және мүмкіндігіне, монополиялық жоғары тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қолдау мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге сүйене отырып, тауарларды өндіру көлемінің есептері, тұтынушылар сұранымын маркетингтік зерттеу материалдары);

10) табиғи монополия субъектісі желілерінің (жабдығының) жобалық қуаты және оны іс жүзінде пайдалану туралы деректер;

11) осы Ереженің 4-бөлімінде баяндалған талаптарға сәйкес тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі.

Осы тармақтың 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарының және 6) және 7) тармақшаларының ережелері қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.

Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері құжаттарды осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларының талаптарына сәйкес бекітусіз және (немесе) келісусіз ұсынады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Өтінімге қоса берілетін есептер және негіздеуші материалдар мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

1) негіздеуші материалдардың әрбір парағына табиғи монополия субъектісінің басшысы, ал қаржы құжаттарына - басшы және бас бухгалтер немесе оларды алмастыратын адамдар қол қояды;

2) негіздеуші материалдар ретінде өтінім берердің алдындағы төрт тоқсандағы және өткен күнтізбелік жылдағы шығындар туралы іс жүзіндегі деректер ұсынылуға тиіс;

3) көлемдердің маусымдық ауытқуларының тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) әсер етуін болдырмау мақсатында негіздемеге салық есебінің позициясынан осындай есеп мақсатсыз болатын жағдайларды қоспағанда, қаржы жылына арналған есептердегі деректер қабылданады;

4) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері төмендеген жағдайда төмендеуін растайтын материалдар ұсынылуға тиіс;

5) табиғи монополия субъектісі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне жеке дайындалуға тиіс.

12. Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын есептеу кезінде негіз үшін өтінім берердің алдындағы төрт тоқсандағы немесе өткен күнтізбелік жылдағы реттеліп көрсетілген қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) іс жүзіндегі көлемдері қабылданады.

13. Табиғи монополия субъектісі өтінімді қарауға қабылдағаннан кейін 15 күннің ішінде уәкілетті органға өтінім берердің алдындағы 4 тоқсандағы шығындар туралы нақтыланған іс жүзіндегі деректерді ұсына алады.

14. Уәкілетті орган өтінімді алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және табиғи монополия субъектісіне өтінімді қарауға қабылдағаны немесе бас тарту себептерін көрсете отырып, өтінімді қарауға қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша түрде хабарлайды.

15. Табиғи монополия субъектісінің өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуға м ы н а л а р :

- 1) өтінімді ұсыну мерзімдерін бұзу;
- 2) осы Ереженің 10-тармағындағы талаптарға сәйкес келмеу;
- 3) ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 11-тармағына сәйкес келмеуі;
- 4) сенімсіз ақпарат ұсыну;
- 5) қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алу рәсімдері бойынша белгіленген талаптарды бұзу себеп болып табылады.

Осы тармақтың 5) тармақшасының талаптары қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Параграф 2. Өтінімді қарау және тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкалары) бекіту

16. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын уәкілетті орган 45 күннің ішінде, ал қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері үшін 10 күннің ішінде қарайды. Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын қарау мерзімі өтінім берілген с ә т т е н б а с т а п е с е п т е л е д і .

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау негізінде тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларына сараптама жүргізеді. Уәкілетті орган

сондай-ақ ұқсас қызмет түрімен айналысатын табиғи монополия субъектілері қызметтерінің көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізе алады.

18. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық бірлестіктерін, жобаны ұсынған табиғи монополия субъектілерін тартып тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларына сараптамалық бағалау жүргізеді.

19. Уәкілетті орган құзыретті органдардан және табиғи монополия субъектісінің өзінен табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы ұсыну мерзімін көрсете отырып, қосымша ақпарат сұрата алады.

20. Табиғи монополия субъектісі талап етілген ақпаратты уәкілетті орган белгілеген мерзімде немесе оны толық көлемде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде мәлімделген шығындарды ескермеуі мүмкін.

21. Уәкілетті орган жүргізген сараптаманың нәтижелері бойынша жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

22. Тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) жобаларын бекіту туралы өтінім берген және шешім қабылдаған кезде уәкілетті орган мен табиғи монополиялар субъектілері Ереженің 4-бөлімінің қағидаларын, бухгалтерлік есептің стандарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық кесімдерді қоса алғанда, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, салық заңнамасын, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) арналған тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) есептеудің салалық әдістемелерін басшылыққа алады.

23. Уәкілетті органның табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешімі уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді және оларды қолданысқа енгізген сәтке дейін 15 күннен кешіктірмей табиғи монополия субъектісіне жолданады.

24. Уәкілетті орган төтенше реттеуші шаралар түрінде тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы шешім қабылдай алады, бұл ретте осы Ереженің 8, 14, 20, 21, 23-тармақтарының талаптары қолданылмайды.

25. Уәкілетті органның өтінімді қарауға қабылдау немесе қарауға қабылдаудан бас тарту туралы, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы

шешіміне табиғи монополия субъектісі немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде шағымдануы мүмкін.

Параграф 3. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу

26. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бекітілетін айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қолданысқа енгізу тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бекітілетін айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Табиғи монополия субъектісі тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгерту туралы ақпаратты оларды қолданысқа енгізгенге дейін 10 күннен кешіктірмей, ал қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері үшін - олар қолданысқа енгізілгенге дейін үш күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізуге тиіс.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Егер табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу туралы Ережеде көрсетілген мерзімде хабарлай алмаса, онда көрсетілген тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) уәкілетті органның шешімінде көрсетілген күннен бастап енгізілмейді. Мұндай жағдайда бекітілген тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу келесі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған сметаны бекіту тәртібі

29. Тарифтік сметаның көрсеткіштері уәкілетті орган белгілейтін тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейін негіздейтін және қалыптастыратын табиғи монополия субъектісі табыстарының және шығыстарының баптары, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі және табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері туралы негізгі жиынтық деректер болып табылады. Табиғи монополия субъектісіне

тарифтік сметаны уәкілетті орган тарифпен бірге бір мезгілде бекітеді. Тарифтік смета осы Ереженің 1-қосымшасына сай, ал қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері үшін 3-қосымшасына сай нысан бойынша жасалады.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Тарифтік сметаны қарау және бекіту кезінде Ереженің 10-тармағында көрсетілген материалдар мен ақпарат пайдаланылады.

31. Табиғи монополия субъектісі ағымдағы жылдың соңына дейін 60 күннен кешіктірмей уәкілетті органға бекітілген тарифтік сметаны қайта қарау туралы ұсыныспен өтініш жасай алады.

32. Уәкілетті орган бекітілген тарифтік сметаны қайта қарау туралы ұсынысты оны ұсынған күннен бастап 30 күннің ішінде қарайды.

33. Табиғи монополия субъектісі ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін уәкілетті органға осы Ереженің 2-қосымшасына сай нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бөлінісінде өткен күнтізбелік жылға уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаны орындау туралы есеп ұсынады.

34. Табиғи монополия субъектісі тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке өткен күнтізбелік жылдың мынадай құжаттары мен ақпаратты:

1) осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген кестені қоса беріп және тарифтік сметаның орындалмау себептерін көрсете отырып, оның орындалуы туралы түсіндірме жазбаны;

2) бухгалтерлік теңгерімді;

3) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепті;

4) ағымдағы және күрделі жөндеуге, басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындар сметасын іске асыру туралы мәліметтерді;

5) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялар шешімдерінің көшірмелерін береді.

Уәкілетті орган тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау кезінде табиғи монополия субъектісінен қосымша ақпарат сұрата алады.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Уәкілетті орган тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау кезінде жария тыңдаулар өткізе алады.

36. Уәкілетті орган тұтынушылардың арыздары, шағымдары, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, мемлекеттік органдардың өтініштері бойынша және өз бастамасы бойынша бекітілген тарифтік сметаны орындамау,

ал уәкілетті органға тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті тең ұсынбау бөлігінде табиғи монополиялар туралы заңнаманы бұзушылықтарды анықтаған жағдайда :

1) қолданыстағы тарифтік сметаға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауы;

2) табиғи монополия субъектісіне табиғи монополиялар туралы заңнаманы бұзғанына ден қою шараларын қолдануы;

3) уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасын) белгілеуі мүмкін.

5. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды қарау және бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі

Параграф 1. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерге (бағаларға, алым ставкасына) енгізілетін шығындарды реттеу

37. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін шығындарды реттеу тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың түрлерін шектеу және табиғи монополия субъектісінің шығыстар деңгейін шектеу жолымен жүзеге асырылады.

38. Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығыстар уәкілетті орган құзыретті органмен келісім бойынша бекіткен табиғи монополия субъектілерінің шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тендерлік (конкурстық) сатып алудың нәтижелері бойынша анықталған материалдық ресурстардың бағаларына сүйене отырып, айқындалады.

Ескерту. 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Табиғи монополия субъектісіне мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидия тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігін кемітуге қарай ескеріледі, ал су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері саласында қызметін жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісіне оны ұсыну кезеңіне қолданыста болатын мемлекеттік субсидияны ескере отырып, жеке тариф (баға, алым ставкасы) белгіленеді.

40. Аудиторлық, консалтингтік, маркетингтік қызметтерге және мердігерлік тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстарына, бөгде ұйымдар жүзеге асыратын,

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алынатын өндірістік сипаттағы басқа қызметтерге жұмсалатын шығыстар тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізіледі.

41. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісін қоспағанда, тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін материалдық ресурстарды (шикізаттың және материалдардың негізгі түрлерін), жабдықтарды, құрылыс-монтаж және жөндеу жұмыстарын, бөгде ұйымдардың қызметтерін (жұмыстарын) табиғи монополия субъектісінің бір көзден сатып алуы қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен, экономикалық мақсаттылық негізінде уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Нормативтік техникалық ысыраптарға байланысты шығыстар тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізіледі. Нормативтік техникалық ысыраптарды уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталатын қаражаты өз құзыреті шегінде құзыретті органның оларды жүргізу қажеттілігін құжаттамалық техникалық растауы болған жағдайда тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізіледі.

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Субъектінің әкімшілік персоналына жататын қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін және олардың лауазымдарын құзыретті орган айқындайды. Субъектінің әкімшілік және өндірістік персоналының нормативтік санын уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен бекітеді. Бұл ретте субъектінің әкімшілік және өндірістік персоналының нормативтік саны, әкімшілік персоналына жататын қызметкерлердің лауазымдары, еңбекақы төлеу жүйесі еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен немесе оның аумақтық органдарымен келісіледі.

Шығындарға енгізілетін өндірістік персоналдардың еңбекақыларына жұмсалатын шығыстар табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан аспайтын іс жүзіндегі санына және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімді жоспарында көзделген

тұтыну бағалары индексінің болжамды өзгеруін ескеріп, қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар ставкаларында) қабылданған орташа айлық еңбекақыға сүйене отырып айқындалады.

Шығындарға енгізілетін әкімшілік персоналдардың еңбекақыларына жұмсалатын шығыстар табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан аспайтын іс жүзіндегі санына сүйене отырып айқындалады.

Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, табиғи монополия субъектілері басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлерінің және әкімшілік персоналдың басқа қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары бойынша шығындарға енгізілетін, табиғи монополия субъектілерінің әкімшілік персоналдарының еңбекақыларына жұмсалатын шығыстар штаттық кестеге сай, 15 еседен аспайтын мөлшерде табиғи монополия субъектісі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының ең көп және ең аз деңгейінің ара қатынасына сүйене отырып, шектеледі.

Еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы жүйесінде көзделген еңбек жағдайларына қосымша ақы және үстемеақы төлеумен байланысты шығыстар Ереженің 59-тармағында көрсетілген шығыстарды қоспағанда, тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескеріледі.

Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілмейтін, еңбекақыға қоса сыйлықақы беру және сыйақылардың басқа да түрлеріне жұмсалатын шығыстарды табиғи монополия субъектісі (мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) таза табыстан (іс жүзіндегі пайдадан) жүзеге асыра алады.

Уәкілетті орган осындай немесе ұқсас қызмет түрімен айналысатын табиғи монополия субъектілерінің еңбекақыға жұмсайтын шығындарын салыстырмалы талдау негізінде, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) көлемдері қысқартылған жағдайда тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) енгізілетін, әкімшілік және (немесе) өндірістік персоналдың еңбекақысына жұмсалатын шығыстарды төмендету немесе көтеруден бас тарту туралы шешім қабылдай алады.

Еңбекақыға жұмсалатын шығыстарды, табиғи монополия саласында реттеліп көрсетілетін қызметтер көрсететін мемлекеттік кәсіпорындар басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, сондай-ақ оларға сыйлықақы және өзге сыйақы беру жүйесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік басқару органдары айқындайды.

Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Тік жүйелі (біркелкі) есептеу әдісі бойынша есептелген негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізіледі. Амортизацияны өзге әдіспен қолдану және есептеу уәкілетті органмен келісіледі.

46. Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне жүргізілген қайта бағалау нәтижелері уәкілетті органның келісімі бойынша енгізіледі. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі негізгі құралдарға қайта бағалауды жүргізгеннен кейін тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне амортизациялық аударымдардың көбеюін кезең-кезеңмен енгізе алады.

47. Амортизациялық аударымдар негізгі құралдар құнының өсуіне әкелетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталады.

48. *а л ы н ы п т а с т а л д ы*

Ескерту. 48-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Табиғатты қорғауға жұмсалатын шығыстар, табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген төлем ставкаларына, тәртібіне және талаптарына сәйкес айқындалады.

50. Кезең шығыстарында табиғи монополия субъектісінің заңнамада белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген инвестициялық жобасын іске асыру үшін қарыз қаражатына сыйақы төлеуге жұмсалатын шығыстар ескеріледі.

Бұл ретте қарыз ресурстарын қаржыландыру және қайтару талаптары тендерлік (конкурстық) негізде не қарыз ресурстарын, оның ішінде бағалы қағаздарды эмиссиялау, кредиттер тарту есебінен неғұрлым экономикалық тиімді алған жағдайда - уәкілетті органның келісімі бойынша бір көзден алынуы мүмкін.

Инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде алынған қарыз қаражаты бойынша сыйақы (кредиттер үшін қарыздар, комиссиялық төлемдер) мөлшерін өзгертуге уәкілетті органмен келісім бойынша жол беріледі.

Инвестициялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынған қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге жұмсалатын шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың екі есе ресми ставкасын қолдана отырып есептелген соманың шегінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеген кезде ескеріледі.

Инвестициялық жобаны іске асыру үшін шетел валютасында алынған қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге жұмсалатын шығыстар Лондон банкаралық

рыногының төрт есе ставкасын қолдана отырып есептелген соманың шегінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеген кезде ескеріледі.

Шетел валютасында алынған қарыз қаражаты үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімді жоспарының негізгі көрсеткіштерінің негізінде шетел валютасына теңге бағамының болжамды өзгеруін және Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштерін ескеріп, тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіндегі кезең шығыстарында ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы табиғи монополия субъектісінің тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге өтінім берген күніне қолданылады.

Ескерту. 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Кезең шығыстарында ескерілетін сақтандырудың міндетті түрлеріне, салықтарға, алымдарға және төлемдерге жұмсалатын шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген төлем ставкаларына, тәртібіне және талаптарына сәйкес айқындалады.

52. Тариф (баға, алым ставкасы) уәкілетті органның бастамасы бойынша бекітілген жағдайда, уәкілетті орган жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстарды тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгерту алдындағы кезеңдегі тұтыну бағаларының индексін ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар ставкаларында) қабылданған шығыстар шегінде тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) енгізуге құқығы бар.

53. Уәкілетті орган тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін салықтарды қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің әкімшілік шығындарының іс жүзіндегі құрамына жүргізілген қаржылық сараптама нәтижелері бойынша не реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) іске асыру көлемдері төмендеген және табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділігі төмендеген кезде (реттеліп көрсетілетін қызметтің (тауардың, жұмыстың) бірлігінің өзіндік құнының ұлғаюы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерінің азаюы, кредиторлық және дебиторлық берешектің өсуі) жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстардың сомасын өзгерту туралы шешім қабылдай алады.

Жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстарды тұтыну бағасының индексінен жоғары көбейтуге, сондай-ақ оларға әкімшілік басқару

жүйелерін және құралдарын құру мен жетілдіру жөніндегі шығыстарды енгізуге көрсетілген мақсаттарға қаражат салудың экономикалық тиімділігінің есебін ұсынғаннан кейін уәкілетті органның келісімімен ғана жол беріледі.

54. Әкімшілік персоналдардың өкілдік, іссапар шығыстары, байланыстың қымбат түрлеріне, мерзімді баспасөзге, қызметтік автокөлікті ұстауға, ақпараттық, консультациялық және маркетингтік қызметтерге жұмсалатын шығыстарды табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның келісімі бойынша белгілеген лимиттер шегінде тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) е н г і з е д і .

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыруға арналған шығындардың деңгейі уәкілетті органның алдын-ала келісімі бойынша тарифтің (бағаның, алым ставкасының) есебіне енгізіледі.

55. Табиғи монополия субъектісі:

өңірлік және (немесе) жергілікті деңгейдегі желілер арқылы электр энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша;
жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша;
таратушы өткізгіш құбырлары арқылы табиғи газды тасымалдау бойынша су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсеткен жағдайда тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігінде нормативтен тыс ысыраптарды төмендетуге бағытталған, уәкілетті органмен келісілген инвестициялық бағдарлама (жоба) болған кезде тауарды (реттеліп көрсетілетін қызметті) іске асыру көлемінің 0,8 пайызы мөлшерінде нормативтен тыс ысыраптардың құны ескеріледі.

56. Уәкілетті орган тарифте (бағада, алым ставкасында) ескерілетін шығындардың түрлері бойынша шығыстар деңгейіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар тартуы және тәуелсіз сарапшылар ұсынған қорытындылар негізінде шығыстарға түзетулер енгізуі мүмкін.

Параграф 2. Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялары

57. Инвестицияларды табиғи монополия субъектілері өз қаражаты және (немесе) қарыз қаражаты есебінен жүзеге асыруы мүмкін. Кәсіпорынның өз қаражатының көздері пайда (таза табыс) және амортизациялық аударымдар б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қарыз қаражатын қайтару пайда және (немесе) амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылады.

58. Акцияларды (үлестерді) сатып алу, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің коммерциялық ұйымдарға қатысуының өзге нысандары уәкілетті

органның келісімі бойынша табиғи монополия субъектісінің таза табысының (іс жүзіндегі пайдасының) есебінен жүзеге асырылады.

Параграф 3. Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстардың тізбесі

59. Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) қалыптастыру және бекіту кезінде тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігінде мынадай шығыстар:

осы Ереженің 55-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптарға, тауар-материалдық құндылықтардың және қоймадағы қорлардың бұзылуына және жетіспеушілігіне, басқа өндірілмейтін шығыстар мен ысыраптарға; реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсеткен, ұсынған кезде пайдаланылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық а у д а р ы м д а р ы ;

сенімгерлікпен басқаруға, мүліктік жалға, лизинг бойынша алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдалану үшін жалдау ақысын және/немесе сыйақылар төлеуге;

ластайтын заттардың нормативтен тыс шығаруларына (тастандыларына) ж ұ м с а л а т ы н т ө л е м д е р ;

с о т ш ы ғы н д а р ы ;

ү м і т с і з б е р е ш е к т е р ;

заңнамалық кесімдермен белгіленген тәртіппен салынған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және басқа да санкциялардың түрлері; табысты жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар және өсімпұлдар;

ұ р л ы қ т а н б о л ғ а н ш ы ғы н д а р ;

сапасыз өнімді өндіруден (ақаудан) болған шығындар;

қызмет көрсететін өндірістер мен шаруашылықтарды ұстау жөніндегі (үй-жайларды тегін ұсыну, қоғамдық тамақтану ұйымдарына коммуналдық қызметтер құнын төлеу және т.б.);

денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, оқу орындарын, технологиялық қажеттіліктен басқа құзыретті органмен келісілген кәсіптік-техникалық училищелерді ұстауға;

сауықтыру лагерлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұ с т а у ғ а ;

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды (демалыс кештерін, спектакльдер, концерттер өткізу) жүргізуге;

кәсіпорындар қызметкерлеріне тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға берілген несиелерді (

пайызсыздарды қоса алғанда) өтеуге;

бақша серіктестіктерін аббаттандыру бойынша (оның ішінде жол құрылысы, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру);

дәрістер, көрмелер, диспуттар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, қоғамдық ұйымдарға және қауымдастықтарға мүшелік жарналарға;

бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалар жөніндегі, өндірістік мақсатта пайдаланылатын өнімдерді қоспағанда, жарнамалық, плакаттық және типографиялық өнімдер шығару жөніндегі;

табиғи монополия субъектісінің персоналы үшін пәтерлерді, тұрғын ғимараттарды және құрылыстарды, жатақханалардан және қонақ үйлерден орын сатып алуға, жалдауға және ұстауға;

қаланы аббаттандыру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға және жұмыстың осындай ұқсас түрлеріне;

білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлердің демалыстарына ақы төлеуге;

жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы және басқа да сыйақы нысандарын беруге;

кәсіптік ауруларды оңалтып емдеуге байланысты шығындардан басқа, табиғи монополия субъектісінің қаражаты есебінен қызметкерлерді және олардың балаларын емдеуге, демалуға, экскурсияға жолдамаларды төлеу жөніндегі;

өз қызметкерлеріне медициналық көмек беруге денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емханалардың қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемдері (кәсіпорындардың өз қызметкерлерінің пайдасына жасалған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар);

қызметкерлерге қосымша берілген демалыстарға (заңнамада көзделгеннен тыс) ақы төлеу жөніндегі, оның ішінде бала тәрбиелеп жатқан әйелдерге, қызметкердің отбасы мүшелеріне демалысты пайдаланатын жерге бару және қайту жолына ақы төлеуге;

демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсетуге;

заңнамада көзделгеннен басқа, табиғи монополия субъектісінің қызметкерлеріне жеңілдіктер (қызметкерлерге тегін немесе төмендетілген баға бойынша тамақтар беру, денсаулық топтарындағы абонементтерге, секциялардағы, клубтардағы сабақтарға қатысқанына ақы төлеу, протездеу және т. б.) ;

мерейтойлар күніне арналған немесе қызметкерлерге көтермелеу түрінде берілетін сыйлықтар алуға (автомашиналарды, пәтерлерді, ұзақ пайдаланатын заттарды және басқа тауарларды, сондай-ақ қызметкерлердің жеке шоттарының пайыздық ставкасын көбейтуді қоса алғанда);

мектепке дейінгі мекемелердегі, санаторийлердегі және сауықтыру лагерлеріндегі балаларды тамақтандыру құнын өтеуге;

ұжымдық шартпен айқындалған мақсаттарға кәсіподақтарға арналған а у д а р ы м д а р ғ а ;

өндірістегі өнертапқыштыққа және рационализаторлыққа байланысты: тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізумен, өнертабыс және рационализаторлық ұсыныстары бойынша модельдер мен үлгілерді дайындаумен және сынаумен, өнертапқыштық және рационализаторлық бойынша көрмелер, байқаулар, конкурстар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырумен, авторлық сыйлықақыларды төлеумен т.б. байланысты шығыстар;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіруге және көрсетуге тікелей қатысы жоқ және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өсуіне әкелмейтін шығыстардың басқа да түрлері ескерілмейді.

Ескерту. 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Табыстарды, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу тәртібі

60. Табиғи монополиялар субъектілері табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган әрбір табиғи монополия саласы үшін белгілеген тәртіпке сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрлері бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша табыстарды, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүзеге асырады.

7. Табиғи монополия субъектісінің есептік саясатын келісу тәртібі

61. Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес табиғи монополия субъектісі әзірлеген және бекіткен есептік саясат оны бекіткен сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті органға келісуге ұсынылады.

62. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің келісуге ұсынылған есептік саясатын ол ұсынылғаннан кейін 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарайды және онымен келісу немесе келісуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Табиғи монополия субъектісінің есептік саясатын келісуден бас тарту туралы шешім оның ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес келмеген жағдайда қабылданады және бас тартудың себептерін қамтуға тиіс.

63. Табиғи монополия субъектісі келісуден бас тарту туралы хабарламада көрсетілген ескертпелерді жояды және есептік саясатты уәкілетті органға келісу үшін есептік саясатты келісуден бас тарту туралы уәкілетті органның шешімі келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органға қайта ұсынады.

8. Табиғи монополия субъектісіне уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу және бекіту тәртібі

Параграф 1. Уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту үшін негіздер

64. Уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту үшін табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларына зиян келтірген әрекеттер жасағаны негіз болып табылады.

65. Табиғи монополия субъектісінің тұтынушыларға зиян келтірген әрекеттері мыналар:

1) уәкілетті орган бекіткен тариф (баға, алым ставкасының) деңгейінен асатын құны бойынша ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін ақыны өндіріп алу;

2) бекітілген тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдардың қаражатын мақсатсыз пайдалану;

3) қаражатты жалпы игермеу, оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметада көзделген жалпы шығындардың 5 пайызынан асатын тарифтік сметаның жұмыстарын іс жүзінде орындамау болып танылады.

66. Тарифтік сметаның орындалмауына:

1) бекітілген тарифтік сметада ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) толық көлемде және тиісінше сапалы:

реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың аса тиімді әдістері мен технологияларын енгізу;

конкурстық (тендерлік) рәсімдер жүргізу нәтижесінде ақшалай қаражатты оңтайлы пайдалану есебінен орындаған жағдайда;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері табиғи монополия субъектісінің кінәсінен тыс қысқару есебінен алынған үнемдеу жатпайды.

Бұл ретте табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға шығындардың баптары бойынша үнемдеуді және (немесе) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемінің қысқарғанын растайтын материалдарды:

өз құзыреті шегінде құзыретті органның табиғи монополия субъектісінің

реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізгені туралы қорытындысын; конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамаларын; реттеліп көрсетілген қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерін тұтынушылармен салыстыру актілерін, төлеуге берілген шоттарды және басқа материалдарды ұсынуға тиіс.

Параграф 2. Уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту тәртібі

67. Уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) уәкілетті орган:

1) табиғи монополия субъектісінің қызметіне жүргізілген тексерістер нәтижелерінің;

2) Ереженің 65-тармағында көрсетілген, тұтынушылардың өтініштері, шағымдары, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, мемлекеттік органдардың үндеулері бойынша фактілердің анықталуы;

3) табиғи монополия субъектісінің уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаның орындалуын талдау нәтижелерінің негізінде бекітеді.

68. Ереженің 65-тармағында көрсетілген фактілерді анықтау үшін уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінен қажетті ақпаратты оны ұсыну мерзімдерін көрсете отырып сұратады.

69. Уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) енгізу уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіткен айдан кейінгі айдың бірі күнінен бастап жүзеге асырылады.

70. Табиғи монополия субъектісі уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту туралы ақпаратты оны қолданысқа енгізгенге дейін 10 күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді.

71. Уәкілетті органның табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту туралы шешімі уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді.

72. Уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту туралы уәкілетті органның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

73. Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкалары) қолданысы кезеңінде табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге арналған өтініммен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүгіне алады.

Бұл ретте жаңа тариф (баға, алым ставкалары) деңгейінің негіздемесіне қабылдаған табыс шешім қабылдаған күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасын ескере отырып, табиғи монополия

субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тұтынушыларға өтегендерін шегеріп тастаумен негізсіз алынған табыстың сомасына кемиді.

Параграф 3. Уақытша өтемдік тарифтің (бағаның, алым ставкасының) мөлшерін есептеу тәртібі

74. Ереженің 65-тармағында көрсетілген бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) және табиғи монополия субъектісі жол берген бұзушылықтар кезеңінде іс жүзінде алынған табыстардың көлемін анықтайды.

75. Табиғи монополия субъектісі жіберген бұзушылықтар кезеңі:

1) Ереженің 65-тармағының 1) тармақшасында - табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган бекіткен тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейінен жоғары құн бойынша ақы өндіріп алған кездегі кезең;

2) Ереженің 65-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайда уәкілетті органның табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтік сметаны бекіткен жыл есептеледі.

76. Ереженің 66-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыстың сомасы (НТ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НТ = (Т1 - Т) \times V1, \text{ мұндағы}$$

Т1 - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) іс жүзінде қолданылған құны, теңге;

Т - уәкілетті орган бекіткен тариф (баға, алым ставкасы), теңге;

V1 - табиғи монополия субъектісінің бұрмалаушылықтар жіберген кезеңдегі іс жүзінде реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарлардың, жұмыстардың) табиғи монополияның тиісті саласында заттай көрсеткіштердегі көлемі.

77. Ереженің 65-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыстың сомасы (НТ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НТ = A_{\text{мақсатсыз}}, \text{ мұндағы:}$$

$A_{\text{мақсатсыз}}$ - бекітілген тарифте (бағада, алым ставкасында) және (немесе) тарифтік сметада амортизациялық аударымдар қаражатының есебінен көзделген, табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтегі күрделі салымдарға және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі қарызды қайтаруға байланысты емес мақсатқа бағытталған қаражат, теңге.

78. Ереженің 65-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыстың сомасы (НТ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НТ = 3, \text{ мұндағы:}$$

3 - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жалпы шығындармен салыстырғанда шығындарды жалпы игермеу, теңге.

Ескерту. 78-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

79. Табиғи монополия субъектісінің уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы) қолданысы кезеңінде алатын табысы жылдық амортизация сомасының елу пайызын алып тастағанда реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін қажетті шығындардың құнынан төмен болмауға тиіс.

Табиғи монополия субъектісі уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы) қолданысы кезеңінде алатын табысты айқындау үшін, тарифтің (бағаның, алым ставкасының) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі (Тшек) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Тшек} = \frac{T \times V - (П + 0,5 \times А)}{V}, \text{ мұндағы:}$$

Тшек. - тарифтің (бағаның, алым ставкасының) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі, теңге;

T - уәкілетті орган бекіткен тариф (баға, алым ставкасы), теңге;

V - бекітілген тарифтік сметада ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) табиғи монополияның тиісті саласында заттай көрсеткіштердегі жылдық көлемі;

П - бекітілген тарифтік сметада ескерілген пайда, теңге;

А - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жылдық амортизация, теңге.

80. Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы) (Төтем) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Төтем} = \frac{T \times V - НТ}{V}, \text{ мұндағы:}$$

Төтем. - уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы), теңге.

T - уәкілетті орган бекіткен тариф (баға, алым ставкасы), теңге;

V - бекітілген тарифтік сметада ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) табиғи монополияның тиісті саласында заттай көрсеткіштердегі жылдық көлемі.

81. Уәкілетті орган уақытша өтемдік тарифтің (бағаның, алым ставкасының) қолданыс кезеңін айқындайды (бұдан әрі - қолданыс кезеңі):

1) егер Төтем < Тшек болған жағдайда қолданыс кезең мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{H}{(T - \text{Тшек.}) \times V}, \quad \text{мұндағы:}$$

n - уақытша өтемек тарифтің (бағаның, алым ставкасының) қолданылу кезеңі;

Төтем - уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы), теңге;

T - уәкілетті орган бекіткен тариф (баға, алым ставкасы), теңге;

Тшек - тарифтің (бағаның, алым ставкасының) ең төменгі ықтимал шекті деңгейі, теңге;

V - бекітілген тарифтік сметада ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың), табиғи монополияның тиісті саласында заттай көрсеткіштердегі жылдық көлемі;

Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) ең төменгі ықтимал шекті деңгейінің шегінде бекітіледі:

Төтем = Тшек;

2) егер Төтем > = Тшек болған жағдайда қолданылу кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{H}{(T - \text{Төтем}) \times V}$$

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 21 қыркүйектегі
N 935 қаулысымен

бекітілген

табиғи монополиялар субъектілерінің
қызметін мемлекеттік реттеудің
оңайлатылған ережесіне

1-қосымша

Субъектінің атауы _____
_____ жылға арналған _____ реттеліп көрсетілетін
қызметке тарифтік смета

| N | Көрсеткіштердің атауы* | Өлшем бірлігі | Табиғи монополия субъектісінің жобасы |
|---|---|---------------|---------------------------------------|
| I | Тауарларды өндіруге және реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы | мың теңге | |
| | оның ішінде: | -//- | |
| 1 | Материалдық шығындар, барлығы | -//- | |
| | оның ішінде: | | |

| | | | |
|------|---|-----------|--|
| 1.1 | шикізат және материалдар | -//- | |
| 1.2 | отын | -//- | |
| 1.3 | ЖЖМ | -//- | |
| 1.4 | энергия | -//- | |
| 2 | Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы | -//- | |
| | оның ішінде: | | |
| 2.1 | жалақы | -//- | |
| 2.2 | әлеуметтік салық | -//- | |
| 3 | Амортизация | -//- | |
| 4 | Жөндеу, барлығы | -//- | |
| | оның ішінде: | | |
| 4.1 | негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу | -//- | |
| 5 | Бөгде ұйымдардың өндірістік сипаттағы қызметтері | -//- | |
| 6 | Өзге шығындар (таратып жазу қажет) | -//- | |
| II | Кезең шығыстары, барлығы | -//- | |
| 7 | Жалпы әкімшілік шығыстар, барлығы | -//- | |
| | оның ішінде: | | |
| 7.1 | әкімшілік персоналдың жалақысы | -//- | |
| 7.2 | әлеуметтік салық | -//- | |
| 7.3 | амортизация | -//- | |
| 7.4 | салық төлемдері және алымдар | -//- | |
| 7.5 | іссапар | -//- | |
| 7.6 | өкілдік | -//- | |
| 7.7 | коммуналдық қызметтер | -//- | |
| 7.8 | байланыс қызметтері | -//- | |
| 7.9 | консалтингтік, аудиторлық, маркетингтік қызметтерге ақы төлеу | -//- | |
| 7.10 | банк қызметтері | -//- | |
| 7.11 | басқа шығыстар (таратып жазу қажет) | -//- | |
| 8 | Сыйақы төлеу шығыстары | -//- | |
| 9 | Нормативтік ысыраптарды өтеуге арналған шығындар, оның ішінде | мың теңге | |

| | | | |
|------|---|-----------|--|
| 9.1 | нормативтік ысыраптар | % | |
| III | Барлық шығындар | мың теңге | |
| IV | Пайда | мың теңге | |
| V | Барлық табыстар | мың теңге | |
| VI | Көрсетілетін қызметтердің көлемі | | |
| VII | Тариф (баға, алым ставкасы) (КҚС-сыз) | | |
| | Анықтамалық: | | |
| 10 | Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, барлығы | саны | |
| | оның ішінде: | | |
| 10.1 | өндірістік персоналдың | -//- | |
| 10.2 | әкімшілік персоналдың | -//- | |
| 11 | Орташа айлық жалақы, барлығы | теңге | |
| | оның ішінде: | | |
| 11.1 | өндірістік персоналдың | -//- | |
| 11.2 | әкімшілік персоналдың | -//- | |
| 12 | Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу | мың теңге | |
| 13 | Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу қажет) | мың теңге | |
| 14 | Шаруашылық тәсілмен орындалатын ағымдағы (жоспарлы-алдын алатын) жөндеу | мың теңге | |
| | оның ішінде: | | |
| 14.1 | материалдар | -//- | |
| 14.2 | қызметкерлердің жалақысы | -//- | |
| 14.3 | әлеуметтік салық | -//- | |
| 15 | Коммерциялық (нормативтен тыс) ысыраптар | % | |

* шығындар қажет болған жағдайда ұлғаюы немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____

Табиғи монополия субъектісінің басшысы

М.О. _____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 21 қыркүйектегі

бекітілген

табиғи монополиялар субъектілерінің
қызметін мемлекеттік реттеудің
оңайлатылған ережесіне

2-қосымша

Субъектінің атауы _____
жылғы _____

реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік сметаның
атқарылуы туралы есеп

| Р/с N | Тарифтік смета көрсеткіштері- нің атауы | Өлшем бір- лігі | Бекітіл- ген тарифтік сметада көздел- ген | Тарифтік сметаның іс жүзінде қалыптас- қ а н көрсет- кіштері | Ауыт- қулар, %-бен | Ауытқу себеп- тері |
|----------|---|-----------------------|--|--|--------------------------|--------------------------|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 935 қаулысымен бекітілген
Табиғи монополиялар субъектілерінің
қызметін оңайлатылған
мемлекеттік реттеу ережесіне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. № 869 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің атауы

Реттеліп көрсетілетін қызметке (тауарға, жұмысқа) арналған тарифтік смета

| Р/с N | Көрсеткіштердің атауы* | Өлшем бірлігі | Табиғи монополия субъектісінің жобасы |
|-------|------------------------|---------------|--|
| | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|-----|---|-----------|---|
| I | Тауарларды өндіруге және реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге жұмсалатын шығындар, барлығы | мың теңге | |
| | оның ішінде: | | |
| 1 | Материалдық шығындар, барлығы | -//- | |
| | оның ішінде: | -//- | |
| 1.1 | шикізат және материалдар | -//- | |
| 1.2 | отын | -//- | |
| 2 | Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы | -//- | |
| | оның ішінде: | | |
| 2.1 | жалақы | -//- | |
| 2.2 | әлеуметтік салық | -//- | |
| 3 | Амортизация | -//- | |
| 4 | Жөндеу, барлығы | -//- | |
| 5 | Бөгде ұйымдардың өндірістік сипаттағы қызметтері | мың теңге | |
| 6 | Өзге де шығындар (толық жазу қажет) | -//- | |
| II | Кезең шығыстары, барлығы | -//- | |
| 7 | Жалпы әкімшілік шығыстар, барлығы | -//- | |
| | оның ішінде: | | |
| 7.1 | әкімшілік персоналдың жалақысы | -//- | |
| 7.2 | әлеуметтік салық | -//- | |
| 8 | Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар | -//- | |
| 9 | Нормативтік ысыраптарды өтеуге жұмсалатын шығындар, оның ішінде | мың теңге | |
| 9.1 | нормативтік ысыраптар | % | |
| III | Барлық шығын | мың теңге | |
| IV | Пайда | мың теңге | |
| V | Барлық кіріс | мың теңге | |
| VI | Көрсетілетін қызметтердің көлемі | | |
| VII | Тариф (баға, алым ставкасы) (ҚҚС-сыз) | | |

* шығындар қажет болған кезде кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Қолы _____
табиғи монополия субъектісі басшысының Т.А.Ә.
М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК